

Қарағанды облысы Осакаровка ауданы
Маржанкөл ауылының №8 ЖББМ.КММ.

Сынып сағаты:
«Адалдық – атадан
қалған мұра»
Ұрпақтар сабактастығын
насихаттау бойынша презентация

Жетекші: Қарабай М.Қ
Сынып: 5

2023 – 2024 оку жылы




Адалдық – ардың ісі

- Адамның өз үжданы алдында адал, шынышыл болу – өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады.

Әл-Фараби




Адалдық – адам бойындағы асыл қасиет тердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі де іспетті. "Адалдық" деген сөз шын - шылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты ігі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық - пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады.




*Ары таза адал адам мінді өмір
сүреді.Оның ішінде Отанына,
отбасына,қоғамға адалдық адамның
өзіне,өзгеге,болашаққа деген сенімен
арттыра түседі.*

*Адалдық - әр адамның өзін де,
өзгені де сыйлауын көрсетеді.*




Адалдық бар жерде адам өзіне
де, өзгеге де шындықты айтады, оны
айту ауыр болғанда да ол
тартынбайды.

Адал болу тек қана өтірік айтпау
емес, шындыққа ешбір қалтықсыз сену.



Адалдық біздің жан дүниемізден
басталады. Ол адами қарым-қатынастан
және іс-әрекетімізден көрінеді.


Адал адамға сенім артуға болады,
оның қандай жағдайда да күмән
келтіруге болмайды. Адалдығы бар
адамның рақымы мол болады.



Адам өзінің ішкі жан дүниесіне үңілуі, өзін-өзі тануы, ар-ұятты, алдында жауапкершілікті сезінуі үшін адалдық қажет. Адам өзгелермен қарым-қатынаста, іс-әрекетте адалдық танытуына байланысты оның сенімді достары да көп болады. Адалдық болғанда ғана адамдар шындықпен өмір сүре алады.

Адал болудың, өтірік айтпаудың да өзіндік қындықтары бар. Өйткені өмірде шындықты айту барысында қайырымдылық, төзімділік, басқаның басындағыны түсіне білуі т.с.с. қасиеттерді бойға сініруге үмтүлған жөн.


Шындықты айтуым қажет деп, түрпайылық танытқан дұрыс емес.




Сіздің шынайы мінезіңіз қандай? (психологиялық тест)

Сіздің шынайы мінезіңіз қандай? Бұл сұрақ өзгелер түгілі өзіңізге де қызықты болуы мүмкін. Егер білгіңіз келсе, ішкі жан-дүниенеңіздің есігін қағып, жүрек түкпірінде жатқан қалауыңыз бер шынайы бет-бейнеңізді анықтап көріңіз. Алдымен сіз қай есікті таңдар едіңіз?


Көп ойланbastan көзіңізге бірден түскен, және өзіңізге ұнаған тәмендегі суреттегі есіктердің бірін таңдаңыз.






№1 Есік

Егер сіз бірінші есікті қаққан болсаңыз, сіз табиғатыныздан өте шыдамды адамсыз. Өзгелердің жағдайын өте жақсы түсінесіз. Және жаныңызға жақын адамдардың басына түскен қындық сізді бей-жай қалдырмайды. Сіз де бос уақыт деген болмайды. Бола қалған күннің өзінде де сізден көмек сұрап келген адамның шаруасын шешуге бос уақытыңыздың барлығын арнайсыз. Айналанызда болып жатқан оқиғалардың ешбірі сіздің қатысуыңызсыз өтпейды. Бір сөзben айтқанда сіз өзіңіз үшін емес, өзгелер үшін жаратылған жансыз. Сіздің жүргегіңіз нәзік, болмысыңыз ерек. Мінезіңіз ашық, жарқын көңілінізben адамдарды тез баурап алатын күшке иесіз. Бәлкім, бір сәтке болса да өзіңізге көңіл бөлөрсіз? Сізге айттар кеңесіміз, бір күніңізді өзіңізге арнаңыз. Саяхаттаңыз, тыныштыңыз, кітап оқыңыз, жақсы фильм көріңіз.




№2 Есік

Екінші есікті ашқан болсаныз, сіз қарапайым адам емессіз. Бойыңызда шығармашылық дарын бар. Айналадағы болып жақтан оқиғалардың барлығы сізді бей-жай қалдырмайды. Тіпті болмашы өзгерістің өзі сізге ерекше шабыт сыйлайды. Сіздің ерекше дарыныңыз бен көп қырлы қабілетіңізге өзгелер қызғанышпен қарайды. Тіпті олардың қатарында достарыңыз да бар. Сәнді киінесіз, соңғы сән үлгісіндеңі киімдерді үйлестіре білесіз. Шығармашылықтан бөлек әртістік қабілетіңіз болғандықтан, айналадағы адамдарға ерекше әсер қалдырасыз. Сізді оңай ұмыта салу қыын. Егер қазіргі мамандығыңыз театр, кино, шығармашылық саласына қатысты болмаса, ойланып көрерсіз. Өйткені ерекше дарынды тұншықтыруға болмайды.




№3 Есік

Үшінші есікті үйымдастырушылық қабілеті басым адам ашады. Сіздің ішкі түйсігіңіз жақсы дамыған. Соның арқасында өмірлік жолыңызды жаңылмай тауып келесіз. Есепке және құнды қағаздармен жұмыс істеуге ширақсыз. Ауқымды жобаларды аяғына дейін жеткізіп, жеңісті қанжығаңызыға оңай байлауға бейімсіз. Алдыңызда отырған адамның ойын тез оқып қоясыз. Сол себепті сізді алдап, тақырға отырғызу өте қыын. Өзгелерге не керек екенін жақсы білесіз. Мақсатыңыз айқын. Тіпті сәтсіздіктердің өзін, еңсөңізді тік ұстаған күйі жеңіл қабылдайсыз. Достарыңыздың өзі сәтсіздікке ұшыраса сіздің қолдауыңызыға зәру. Өйткені сіз әрдайым «Достым, еңсөнді түсірме! Қындықтың барлығын бірге еңсереміз» деп шабыттандырасыз. Сізге кеңесіміз, осы қалпыңыздан танбаңыз.



№4 Есік

Төртінші есіктің иесі өте құпия адам. Өзініз жайлы өзгелердің сөз тасығанын аса ұнатпайсыз. Сіз ағыспен жүрге көнбейсіз. Өмірде өз жолынызды нақты айқындаған болсаңыз, ағысқа қарсы жүзуге де дайынсыз. Айналаңызға сынни көзқараспен қарайсыз. Сіздің дамуыңыз бен жетістікке жетуіңізге кедергі болатын адамдармен бірден қоштасасыз. Тіпті достарыныздың өзі сіздің іріктеуіңіз бен сынныңыздан өткен. Өйткені сіз мотивация сыйлайтын адамдармен жолдас болғанды ұнатасыз. Ішкі сырыңызды көп аша бермейсіз. Алайда бойыңыздағы ең жақсы қасиеттердің бірі жаныңыздағы адамдардың қателікке ұрынарын алдын ала сезіп отыратындығыңызда. Және қателік жасауларына жол бермейсіз. Олар сіздің ескертпеңізді ескергілері келмегенмен, сіздің ешқашан қателеспейтініңізді біледі. Сол себепті сізді тыңдауға мәжбүр. Өйткені сіз турасын айтатын, бірбеткей адамсыз. Ал, тұра биде туған жоқ.



«Ойланайық, пікірлесейік»

- Адалдықтың адами қарым-қатынастағы маңызы қандай?
- Өзіңе –өзің адал болу деген не? Өзін-өзі алдау деген не?
- Адал болуға ұмтылу неге керек?